**Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп беру нысандарын тапсырудың ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 334 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 27 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2964. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Статистика жөніндегі
агенттігінің төрағасы
2004 жылғы 1 шілде

"Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Бұйырамын:

1. Қоса берілген фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп беру нысандарын тапсырудың ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап күшіне енеді.

*Министрдің*
*міндетін атқарушы*

"Фитосанитарлық есеп жүргізу және
есеп беру нысандарын тапсырудың
ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігінің
2004 жылғы 25 маусымдағы
N 334 бұйрығымен
бекітілген

## Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп беру нысандарын тапсыру ережесі

## 1. Жалпы ережелер

1. Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп беру нысандарын тапсырудың осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және қызметтері мемлекеттік фитосанитарлық бақылау объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалардың фитосанитарлық есеп жүргізуі мен есеп берудің нысандарын тапсырудың тәртібін айқындайды.

## 2. Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп берудің нысандарын тапсырудың мәні және мерзімдері

2. Қызметтері мемлекеттік фитосанитарлық бақылау объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалар есепті жүргізеді және уәкілетті органға фитосанитарлық есептің мына түрлерін тапсырады:

пестицидтерді, биопрепараттарды және энтомофагтарды өндіру және өткізу туралы есеп;

пестицидтердің, биопрепараттардың және энтомофагтардың қозғалысы туралы есеп;

пестицидтерді, биопрепараттарды және энтомофагтарды сақтау туралы есеп;

бүріккіш және тұқым дәрілегіш техникалардың болуы туралы есеп;

химиялық өңдеуді жүргізу туралы есеп;

химиялық өңдеуді жүргізу жөніндегі қызмет көрсету туралы есеп;

тыйым салынған, жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын көму туралы есеп.

3. Пестицидтерді, биопрепараттарды және энтомофагтарды өндіру және өткізу туралы есепті пестицидтерді, биопрепараттарды өндіруді (формуляциялауды), сатып алуды және өткізуді, сондай-ақ энтомофагтарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, олардың орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық (Астана және Алматы қалаларының) аумақтық басқармаларына әр тоқсан сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі бірінші айдың 5 күніне дейін, N ӨҚ-1-нысаны бойынша (1-қосымша) тапсырады.

4. Пестицидтердің, биопрепараттардың және энтомофагтардың қозғалысы туралы есепті пестицидтерді, биопрепараттарды және энтомофагтардың өзінің өсімдік тектес өнімін өндіру үшін қолданатын жеке және заңды тұлғалар, олардың орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармаларына әр тоқсан сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі бірінші айдың 5 күніне дейін, N ӨҚ-2-нысаны бойынша (2-қосымша) тапсырады.

5. Пестицидтерді, биопрепараттарды және энтомофагтарды сақтау туралы есепті пестицидтерді, биопрепараттарды және энтомофагтарды сақтауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар олардың орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық (Астана және Алматы қалаларының) аумақтық басқармаларына әр тоқсан сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі бірінші айдың 5 күніне дейін, N ӨҚ-3-нысаны бойынша (3-қосымша) тапсырады.

6. Бүріккіш және тұқым дәрілегіш техникалардың болуы туралы есепті бүріккіш және тұқым дәрілегіш техникалары және жабдықтары (ауыл шаруашылығы авиациясы, аэрозольді генераторлары, атомайзерлі, штангалы, вентиляторлы бүріккіштері, тұқым дәрілегіш техникалары және басқалары) бар жеке және заңды тұлғалар, олардың орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармаларына, жыл сайын, әр жылдың 1 сәуіріне дейін, N ӨҚ-4-нысаны бойынша (4-қосымша) тапсырады.

7. Химиялық өңдеуді жүргізу туралы есепті пестицидтерді, биопрепараттарды және энтомофагтардың өзінің өсімдік тектес өнімін өндіру үшін қолданатын жеке және заңды тұлғалар, олардың орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармаларына, ай сайын, наурыз айынан қыркүйек айына дейін, әр айдың 25 күніне дейін, N ӨҚ-5-нысаны бойынша (5-қосымша) тапсырады.

8. Химиялық өңдеуді жүргізу жөніндегі қызметтерді көрсету туралы есепті химиялық өңдеуді жүргізу жөніндегі қызметтерді көрсететін жеке және заңды тұлғалар, олардың орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармаларына, ай сайын, наурыз айынан қыркүйек айына дейін, әр айдың 25 күніне дейін, N ӨҚ-6-нысаны бойынша (6-қосымша) тапсырады.

9. Тыйым салынған, жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын көму туралы есепті тыйым салынған, жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын көмуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, олардың орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармаларына, әр тоқсан сайын, есеп беру тоқсанынан кейінгі бірінші айдың 5 күніне дейін, N ӨҚ-7-нысаны бойынша (7-қосымша) тапсырады.

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп
беру нысандарын тапсырудың ережесіне
1-қосымша

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп берудің
N ӨҚ-1-нысаны
Дүркінділігі - тоқсандық
Тапсырушы_____________________________________________________
______________________________________________________________
(атауы және мекен-жайы)

**Пестицидтерді, биопрепараттарды, энтомофагтарды 200_ жылдың __ тоқсанында өндіру және өткізу туралы есеп**

("Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тапсырылады)

______________________________________________________________________
N|Пестицидтің,|Есеп беру| Есеп |Есеп беру кезеңін.| Есеп | Есеп
|биопрепарат.|кезеңінің| беру |де сатып алынғаны,| беру | беру
| тың, |басындағы|кезеңін.| литр | кезе. | кезе.
|энтомофагтың| қалдық |де өнді.|___________________| інде |інің
| атауы | литр |рілгені |бар.| оның ішінде |өткізіл.|соңын.
| | | литр |лығы|_____________| гені | дағы
| | | | | шет | ел | Литр |қалдық
| | | | |елдер.|ішінен| | литр
| | | | | ден | | |
______________________________________________________________________
| | | | | | | |
______________________________________________________________________

М.О. Басшы ____________________ ___________________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
Орындаушы ________________ ____________________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
Телефон __________________ "___" __________200_ж.

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп
беру нысандарын тапсырудың ережесіне
2-қосымша

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп берудің
N ӨҚ-2-нысаны
Дүркінділігі - тоқсандық

Тапсырушы______________________________________________________

_____________________________________________________________

(атауы және мекен-жайы)

**Пестицидтердің, биопрепараттардың, энтомофагтардың 200__ жылдың ____ тоқсанында қозғалысы туралы есеп**

("Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тапсырылады)

| N | Пестицидтің, биопрепарат., тың, энтомофагтың атауы | Есеп беру кезеңінің басындағы қалдық литр | Есеп беру кезеңінде келіп түскені литр | Есеп беру кезеңінде жұмсалғаны литр | Басқа облыстарға берілгені литр | Есеп беру кезеңінің соңындағы қалдық литр |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

М.О. Басшы ____________________ ___________________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

Орындаушы ________________ ____________________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

Телефон _________________ "___" __________200_ж.

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп беру нысандарын тапсырудың ережесіне 3-қосымша

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп берудің N ӨҚ-3-нысаны

Дүркінділігі - тоқсандық

Тапсырушы______________________________________________________

_____________________________________________________________

(атауы және мекен-жайы)

**Пестицидтерді, биопрепараттарды, энтомофагтарды 200__ жылдың ____ тоқсанында сақтау туралы есеп**

("Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тапсырылады)

| N | Пестицидтің, биопрепараттың, энтомофагтың атауы | Есеп беру кезеңінің басындағы қалдық литр | Есеп беру кезеңінде келіп түскені литр | Есеп беру кезеңінде жіберілгені литр | Есеп беру кезеңінің соңындағы қалдық литр |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

М.О. Басшы ______________________ ______________________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

Орындаушы __________________ _______________________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

Телефон ___________________ "___" __________200_ж.

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп беру нысандарын тапсырудың ережесіне 4-қосымша

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп берудің N ӨҚ-4-нысаны

Дүркінділігі - тоқсандық

Тапсырушы________________________________________________________

_________________________________________________________________

(атауы және мекен-жайы)

**Бүріккіш және тұқым дәрілегіш техникалардың 200__ жылда болуы туралы есеп**

("Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тапсырылады)

| N | Бүріккіш және тұқым дәрілегіш техникалар.дың атауы | Есеп беру кезеңінің басындағы болуы дана (бірлік) | Соның ішіндегі жарамдысы (бірлік) | Есеп беру кезеңінде түскені (бірлік) | Есеп беру кезеңінде есептен шығарылғаны (бірлік) | Есеп беру кезеңінің соңындағы болуы (бірлік) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

______________________________________________________________

М.О. Басшы __________________ ________________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
Орындаушы _______________ _________________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
Телефон ________________ "___" ________200_ж.

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп беру нысандарын тапсырудың ережесіне 5-қосымша

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп берудің N ӨҚ-5-нысаны

Дүркінділігі - тоқсандық

Тапсырушы_______________________________________________

_________________________________________________________
(атауы және мекен-жайы)

**200_ жылдың _____________ айында химиялық өңдеуді жүргізу туралы есеп**

("Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тапсырылады)

| N | Зиянды организм. дердің атауы | Ауыл шаруашылығы дақылдары. ның (пайда. ланатын жердің) атауы | Өңдеу алаңы (көлемі) мың га (мың тонна) | Орындаушы. лардың атауы | Бүріккіш, (тұқым дәрілегіш) техникалардың атауы (олар тартылған жағдайда) түрі | маркасы | саны, дана |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Пайдаланылған пестицидтер атауы | және т.б. |
|---|---|

мың л.|мың га|мың л.| мың га
______________________________
| | |
________________________________

М.О. Басшы ______________________ ______________________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
Орындаушы __________________ _______________________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
Телефон ____________________ "___" __________200_ж.

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп
беру нысандарын тапсырудың ережесіне
6-қосымша

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп берудің
N ӨҚ-6-нысаны
Дүркінділігі - тоқсандық
Тапсырушы__________________________________________________________
__________________________________________________________________
(атауы және мекен-жайы)

**200__ жылдың ________________ айында химиялық өңдеуді жүргізу жөніндегі қызмет көрсету туралы есеп**

("Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тапсырылады)

___________________________________________________________________________
N| Зиянды | Ауыл | Өңдеу | Қызмет |Бүріккіш (тұқым дәріле.
|организм.|шаруашылығы| алаңы |көрсетіл.|гіш) техникалардың атауы
| дердің |дақылдары. |(көлемі)|ген заңды|____________________________
| атауы |ның (пайда.| мың га |және жеке| түрі | маркасы | саны,
| |ланатын жер| (мың |тұлғалар.| | | дана
| |дің) атауы | тонна) |дың атауы| | |
___________________________________________________________________________
| | | | | | |
___________________________________________________________________________

М.О. Басшы ______________________ ______________________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
Орындаушы __________________ _______________________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
Телефон ____________________ "___" __________200_ж.

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп беру нысандарын тапсырудың ережесіне
7-қосымша

Фитосанитарлық есеп жүргізу және есеп берудің N ӨҚ-7-нысаны

Дүркінділігі - тоқсандық

Тапсырушы_____________________________________________________

_____________________________________________________________

(атауы және мекен-жайы)

**Тыйым салынған, жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын 200 __ жылдың _______ тоқсанында көму туралы есеп**

("Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тапсырылады)

| N | Тыйым салынған, жарамсыз пестицид. тердің және олардың ыдыстары. ның атауы | Тыйым салынған, жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын көмуге жеткізген жеке және заңды тұлғалардың атауы | Саны, тонна, дана | Көму күні | Бункердің нөмірі | Ыдыстар. дың жай-күйі | Көмуді жүзеге асырған адам. дардың тізімі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

М.О. Басшы ____________________ ___________________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

Орындаушы ________________ ____________________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

Телефон _________________ "___" _________200_ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК